IQAA

## БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ – IQAA

# ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ҮШІН ЕСЕБІ

**6B01701- ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ**
**7M01701-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АКРЕДИТТЕУ**

**Астана қ., 2024 ж.**

# *САРАПТАМАЛЫҚ ТОП*

| | |
|---|---|
|  | **Топ жетекшісі, эксперт**<br>Абильдина Салтанат Куатовна, Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті |
|  | **Халықаралық сарапшы:**<br>Орынбор мемлекеттік аграрлық университеті, "Ветеринариялық-санитариялық сараптама және фармакология" кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, Орынбор қ. |
|  | **Ұлттық сарапшы:**<br>Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі |
|  | **Ұлттық сарапшы:**<br>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты |
|  | **Ұлттық сарапшы:**<br>Есиркепов Жандос Мергенбаевич, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасынының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты |
| | **Жұмыс берушілер өкілі:**<br>Есеналиева Майра Аманкулқызы, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жамбыл дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы КММ директоры |
| | **Студенттер өкілі:**<br>Мамбетова Аймереке Базаралиевна, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 7М01723- Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау ББ бойынша 1 курс магистранты |

Сараптамалық топтың есебі БСҚТА зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілікке әкеп соғады.

# *6В01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ НАҚТЫ ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ*

| **Стандарттар** | **Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің институттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Толық сәйкестік** | **Елеулі сәйкестік** | **Жартылай сәйкестік** | **Сәйкессіздік** |
| *Стандарт 1* Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық | + | | | |
| *Стандарт 2* Білім беру бағдарлама-сын құрастыру және бекіту, ақпаратты басқару | + | | | |
| *Стандарт 3* Студентке бағытталған оқу, оқыту және бағалау | + | | | |
| *Стандарт 4* Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындау және сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессор-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6* Ғылыми ресурстар мен студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт 7* Қоғамды ақпараттандыру | + | | | |

## *7М01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ НАҚТЫ ЖАҒДАЙЫНА СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ*

| **Стандарттар** | **Әрбір стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің институттегі нақты жағдайға сәйкестік деңгейін белгілеңіз** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Толық сәйкестік** | **Елеулі сәйкестік** | **Жартылай сәйкестік** | **Сәйкессіздік** |
| *Стандарт 1*<br>Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық | + | | | |
| *Стандарт 2*<br>Білім беру бағдарлама-сын құрастыру және бекіту, ақпаратты басқару | + | | | |
| *Стандарт 3*<br>Студентке бағытталған оқу, оқыту және бағалау | + | | | |
| *Стандарт 4*<br>Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындау және сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5*<br>Профессор-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6*<br>Ғылыми ресурстар мен студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт 7*<br>Қоғамды ақпараттандыру | + | | | |

# МАЗМҰНЫ

**1-ТАРАУ. САПАРДЫҢ КОНТЕКСІ МЕН МАҚСАТТАРЫ**
Кіріспе …………………………...………………………………………….....7
Институттың негізгі сипаттамалары ...................................................... 7

**2-ТАРАУ. САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**
Кіріспе............................................................................................................ 9

*1-Стандарт*
Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық ...........................................................................10
*2-Стандарт*
Білім беру бағдарламасын құрастыру және бекіту, ақпаратты басқару …....................................................................................................12
*3-Стандарт*
Студентке бағытталған оқыту, үйрету және бағалау.................................14
*4-Стандарт*
Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындау және сертификация...........19
*5-Стандарт*
Профессор-оқытушылар құрамы ………………………………...............22
*6-Стандарт*
Ғылыми ресурстар мен студенттерді қолдау...........................................25
*7-Стандарт*
Қоғамды ақпараттандыру……………………………………............... 28
**3-ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ** ………………………………………………………..… ...30

**ҚОСЫМШАЛАР**
*1 -қосымша*
Сыртқы сапар бағдарламасы ………………………………………………31
*2 -қосымша*
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі…………………………………..............
*3 -қосымша*
ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі ………………….........................

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

IQAA- Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік
Ш. Мұртаза ат. ХТИИ - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты
ҚР Президенті – Қазақстан республикасы Президенті
ЖОО – Жоғары оқу орны
«Антиплагиат Қазақстан» ЖШС - «Антиплагиат Қазақстан» жеке шаруашылық серіктестігі
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БББ – білім беру бағдарламасы
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
Атамекен ҰКП – Атамекен ұлттық кәсіпкерлік палатасы
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
ТБ – тіркеу бөлімі
ЖОЖ – жеке оқу жоспары
ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
АКТ - ақпараттық-коммуникативтік технология
ЖЖООКББҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
ЭПК – элективті пәндер каталогы

## *1 - ТАРАУ*

## САПАРДЫҢ КОНТЕКСІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

### *Кіріспе*

2024 жылғы 20-21 мамыр аралығында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында бағдарламаны аккредиттеу рәсімі аясында сарапшылық топтың сыртқы сапары өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және институтпен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Комиссия жұмысына қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, бағдарламаларды аккредиттеу аясындағы өзін-өзі бағалау есебі (қосымшаларымен), әңгімелесуге қатысушылардың тізімі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, этика кодексі сараптамалық топ мүшелеріне білім беру ұйымындағы жұмысты бастамас бұрын жіберіліп, сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге жағдай туғызылды.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының өзін-өзі бағалау есебі бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті көлемін қамтиды.

Сыртқы сарапшылық топтың сапары бағдарламаға сәйкес  оффлайн режимінде жүргізілді, бұл комиссия мүшелеріне институттың оқу, тәрбие және ғылыми үдерістерінің ұйымдастырылуын, материалдық-техникалық базасын, оның стандарттарға сәйкестігін анықтауға,  аккредиттелетін білім беру бағдарламасы жайлы толық түсінік алуға мүмкіндік берді. Институт президентімен, проректорларымен, құрылымдық бөлім жетекшілерімен, факультет декандары мен кафедра меңгерушілерімен, ПОҚ, студенттер, түлектер және жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Сарапшылар  оқу залдары, кітапхана, спорт залы, оқу аудиториялары, асхана, студенттер үйі т.б. тексеру жүргізді.

Сыртқы аудит жүргізу барысында сарапшылар құжат айналымымен, білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық қамтамасыз етілуімен, институт веб-сайтымен, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында және т.б. электрондық ресурстарда өкілдік етуімен көбірек танысу мақсатында институт пен кафедралардың нормативтік құжаттамаларымен қарап танысты.

Жоспарланған сыртқы сапар шаралары институт құрылымымен, оның қызметімен егжей-тегжейлі танысуға септігін тигізді және сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің институттағы нақты жағдайға сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

***Институттың негізгі сипаттамалары:***

Институттың даму тарихы 2008 жылдан Тараз гуманитарлық-инновациялық институты ретінде басталады. 2009 жылдың 18 мамырында институт мәртебесі университетке ауыстырылады. 2021 жылы «Халықаралық

Тараз инновациялық институты» мекемесіне қайта тіркеу рәсімі өткізіледі. 2022 жылы институтқа Шерхан Мұртазаның есімі берілді.

Қазіргі уақытта Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты (бұдан әрі-институт) өз қызметін 26.10.2022ж. №KZ30LAA00032738 лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

Институттың ректоры - экономика ғылымдарының докторы, профессор Баяндин марат Асылбекович.

Аккредиттелгелі отырған 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасына түсушілердің саны соңғы бес жылда айтарлықтай өсіп келеді: 2018-2019 оқу жылында - 18, 2019-2020 оқу жылында -18, 2020-2021 оқу жылында - 45, 2021-2022 оқу жылында - 94, 2022-2023 оқу жылында – 110. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші соңғы бес жылда 60-70 % - дың төңірегінде, атап айтқанда: 2018-2019 оқу жылында - 62,8, 2019-2020 оқу жылында - 83,3, 2020-2021 оқу жылында - 62,5, 2021-2022 оқу жылында - 75, 2022-2023 оқу жылында - 61,8 %.

Институттың дамуы классикалық жоғары мектеп дәстүрлері мен білім беру қызметтері нарығының заманауи үрдістерінің тиімді үйлесімі негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте институт инновациялық үрдістерді ескере отырып, өзінің даму стратегиясын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта Ғылым және жоғары білім министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына, тиімділікті есептеу әдістемесіне және Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес ХТИИ дамыту бағдарламасын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған барлық қызмет ХТИИ-да жарияланған стратегияға, миссияға және құндылықтарға сәйкес жүзеге асырылады. ХТИИ-да, жалпы алғанда, ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне, ел мен өңірді дамытудағы нарықтық сұранысқа сәйкес жүргізіледі. ББ мазмұны мен нысаны, басшылық қабылдайтын шешімдер стратегиялық құжаттармен келісіледі. ББ-ның мазмұнын, нысандарын, шешімдерін келісу тетіктерін жоспарлау, іске асыру және бағалау кезінде қолданылатын стратегиялық құжаттармен талқыланады. Білім беру бағдарламасының миссиясы - қазіргі заманғы отандық және халықаралық критерийлерге сәйкес келетін филология саласында білікті мамандар даярлау, сондай-ақ Жамбыл өңірінде ғылыми-зияткерлік және ақпараттық-мәдени орта құру болып табылады.

**Институт мекенжайы:**

080000 Қазақстан Республикасы,
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Ш.Мұртаза 101 «А» көшесі
Тел.: +7262 54-11-24
Факс: +7262 51-83-12
E-mail: info@htii.kz
Ресми сайт: https://htii.edu.kz

## 2 – ТАРАУ

## САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

### Кіріспе

Қазіргі уақытта институтта Ғылым және жоғары білім министрлігінің әдістемелік ұсынымдарына, тиімділікті есептеу әдістемесіне және Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес ХТИИ дамыту бағдарламасын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Институт басшылығы тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстардың білімгерлер үшін тиімділігіне сұхбаттасу барысында көзіміз жетті: білімгерлердің өзін-өзі басқаруы, білім беру бағдарламасын жасаудағы үлестері, институттың даму стратегиясын түсініп қолдаулары жоғары деңгейде.

Институтта «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Орталықтың басты мақсаты Ш.Мұртазаның шығармашылық мұраларын зерттеу және насихаттау. Осы мақсатта «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығымен бірлікте «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының да атқаратын ролі зор.

ЖОО-ның материалдық-техникалық базасының маңызды құрамдас бөлігі білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету болып табылады. Өзін-өзі бағалау есебінде ҚР Президентінің институтқа 2023 жылғы 3 ақпанда жасаған сапары сапалы инфрақұрылымды мойындау болып табылатындығы, Мемлекет басшысының Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ студенттер үйінде болып, институтқа өзінің оң бағасын беріп, одан әрі дамуына табыс тілегендігі мақтаныш сезімімен баяндалған.

Сараптама тобы да жоғарыда аталған студенттер үйінде болып, білімгерлер үшін жасалған жағдаймен танысты. Барлық мүмкіндіктерді қарастырып, білімгерлер қажеттіліктерін өтей алатын заманауи үлгідегі студенттер үйін басқа да жоғары оқу орындарына үлгі етуге болады.

«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша бакалавр, «7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша магистр дайындаудың «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес» кәсіби маман дайындау ісі жүзеге асырылып келеді. Білім беру бағдарламаларын 2009-2010 оқу жылы құрылған «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы даярлайды. Қазіргі уақытта кафедра қызметі ғылыми-педагогикалық әлеуеттің тұрақты өсуімен, заманауи ғылыми-зерттеу орталықтарының болуымен сипатталады. Кафедрада және институттың ақпараттық-кітапханалық орталығында оқу және ғылыми-техникалық әдебиеттердің кең заманауи базасы бар. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған барлық қызмет ХТИИ-да жарияланған стратегияға, миссияға және құндылықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

## *1-СТАНДАРТ. «БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ»*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-да сапаны ішкі қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 оқу жылында институттың даму стратегиясы жасалып, жоғары білім беру жүйесіндегі даму үрдістерін ескере отырып, «Сапа, аккредиттеу және рейтинг» басқармасы құрылған. Сол жылы «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының сапаны қамтамасыз ету жөніндегі ішкі стандарты» өзектендіріліп, Ғылыми кеңес отырысында қаралған толықтырулар мен өзгерістер енгізілген *(№6 хаттама, 22.02.2023ж.)*

Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етудің тұрақты жүйесін құру мақсатында ішкі және сыртқы бақылау тетіктерін қамтитын «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының сапа саясаты» бекітілген *(№ 6 хаттама, 22.02.2023 ж.).* Сондай-ақ, сапаны қамтамасыз ету саясаты мынадай нормативтік құжаттарда көрсетілген: 2021-2025 жылдарға арналған ХТИИ дамыту бағдарламасында (*2021 жылғы 25 қарашадағы № 4-қосымша*); ХТИИ академиялық саясатында (*2023 жылғы 23 ақпандағы № 6-қосымша)*

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрықтың 34-тармағына сәйкес (12.10.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) ЖОО-да білім алушылардан білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асырылу жай-күйі бойынша, бағалау саясаты мен өзге де академиялық мәселелер бойынша сауалнама алынып, нәтижесін талдап сараптау үшін Сапа жөніндегі кеңес құру көзделген. Осы бұйрыққа сәйкес комиссия құрылған (*27.10.2023ж, № 30*)

Оқыту үдерісіндегі оқытушылардың қызметі, ғылыми зерттеулері және сапаны қамтамасыз ету саясатындағы оқытумен өзара іс-қимыл дәрежесі оң шешімін тапқан. Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі танымдық дағдыларды, олардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін, өз білімдерін дербес құрастыру және ақпараттық кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамытуға алып келеді.

Оқу талаптарына сәйкес дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды орындау үдерісінде студенттер бақылау тапсырмаларын және пән бойынша дербес жұмыстарды әзірлеуге белсенді қатысады. Алынған нәтижелер теориялық материалдар да, практикалық тапсырмалар да пайдаланылатын әдістемелік әзірлемелерде көрсетіледі.

Институтта академиялық адалдықты қолдау жөніндегі нормативтік құжаттар: Оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың академиялық адалдығының ережесі (*Ғылыми кеңестің 2022 жылғы 23 қарашадағы кезектен тыс отырысында қаралды және бекітілді*), сондай-ақ институтта Білім алушылардың академиялық адалдық кодексі әзірленген.

Ақпараттық ашықтық қағидатын орындау жоспарында институтта оқу орнының қызметі туралы ақпараттық материалдары бар интернет-сайт жұмыс істейді. Институттың сайтында ректордың блогы жұмыс істейді, ол ЖОО басшылығының білім алушылармен және олардың ата-аналарымен, қызметкерлермен, профессорлық-оқытушылық құраммен, жұмыс берушілермен, жұртшылық өкілдерімен тиімді кері байланысы қамтамасыз етіледі.

2019 жылғы 14 мамырдан бастап ЖОО-да «Антиплагиат Қазақстан» ЖШС-мен жасалған шарт негізінде «Антиплагиат» бағдарламасы пайдалануға енгізілген. 2021-2022 оқу жылынан бастап барлық білім беру бағдарламалары «Антиплагиат» АП арқылы тексеруден өтеді. 2021-2022 оқу жылын бастап білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстары міндетті түрде «Антиплагиат» АП арқылы өтеді.

Талапкерлерге ХТИИ бағдарламашылары әзірлеген «АБИТУРИЕНТ-МТИИ» Telegram боты қарастырылған, онда талапкерлер ЖОО-ға түсу үшін қажетті барлық ақпаратпен таныса алады. Талапкерлердің құжаттарын қабылдау кезінде call center (+7701 1999 223) жұмыс істейді.

Оқуға қабылдау кезінде ақпараттың анықтығы мен ашықтығын сақтау мақсатында барлық ақпарат институттың сайтында жарияланады https://htii.edu.kz/ru/. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласындағы институт қызметінің барынша ашықтығы мақсатында барлық мүдделі тараптар (ЖОО басшылығы, білім беру үдерісіне қатысушылар, жұмыс берушілер, ата-аналар және т.б.) БАҚ-та, сайтта және т.б. есеп беру арқылы жұмыс қорытындылары туралы хабардар етіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыруды қамтамасыз ету үшін 2020 жылдан бастап институтта Әдеп жөніндегі кеңес құрылды *(№ 3 бұйрық,02.09.2021ж.*) және оның Ережесі бекітілді. Барлық білім беру бағдарламаларына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні енгізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мен кездесулер факультет және институт деңгейінде ғана емес, облыс шеңберінде де тұрақты негізде өткізіліп тұрады: ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментімен бірлесіп, «Тәуелсіз елдің адал жастары» тақырыбында TED-x конференциясы (30.11.2022 ж.); жылы «Жамбыл-адалдық алаңы» облыстық жобасы (01.12.2022); ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басқармасының басшысы Қайрат Оразбекұлы Байгебаевтың студенттермен кездесуі (21.11.2023 ж.); AntikorLive жобасы аясында Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, Жамбыл облыстық мәслихатының депутаты Ерболат Саурықовтың «ЖОО-да сыбайлас жемқорлықты болдырмау және еріктілердің жұмысы туралы» (15.09.2021ж.).

ХТИИ-да бәсекелестік артықшылықтарын барынша пайдалануға, оның білім алушылар тарапынан тартымдылығын, институтқа деген сенімін арттыруға ықпал ететін алдын алу шаралары енгізілуде.

Институт бойынша сапаны қамтамасыз ету бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі факультет комиссиясының жұмысын жоспарлы бақылау, ПОҚ және әкімшілік қызметкерлерінің ашық сабақтарға қатысу, кестеге сәйкес сабақтардың өтуін мониторингтік тексеру жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Бақылау көрсеткіштерін талдау және бағалау негізінде алдын алу және түзету іс-шаралары әзірленеді. Олардың тиімділігі мен нәтижелілігі кафедра отырыстарында, сондай-ақ ректордың апта сайынғы жиналыстарында, деканның сағаттарында қаралады.

Сыртқы сарапшылар ЖОО-ның жеткілікті материалдық-техникалық базасының, мамандандырылған зертханалар мен кабинеттердің, ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дамытудың жоғары деңгейінің, кафедраның іс-тәжірибе базаларының болуы, практик қызметкерлерді студенттерді оқытуға тарту, ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттердің болуы, академиялық ұтқырлық бағдарламаларының ұдайы жүзеге асуы университеттің білім берудегі сапа мен адалдық саясатын қамтамасыз етуге толық кепіл болады деп санайды.

**1- стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - *толық сәйкестік.***

## *2-СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

Оқу орнында білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді, олардың нормаларын сақтауды реттейтін белгіленген және қолданыстағы нормативтік құжаттар бар. Институт білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту Академиялық саясат пен Білім беру бағдарламасын дайындау және жаңарту ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

6В01701- Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының мақсаты - білім беру саласында кәсіби құзыреттері және ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру үшін қажетті инновациялық технологияларды қолдануда біліктілігі бар қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары білікті оқытушыларын даярлау.

7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының мақсаты - білім мен ғылымды интеграциялау негізінде қазақ тілі мен әдебиеті саласында лингвистика және инновациялық технологиялар саласында жоғары білікті ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде студенттердің, түлектердің және жұмыс берушілердің кері байланысын жүргізу жолымен жүзеге асырылатын ақпарат ескеріледі. Кері байланысты жинау сауалнама жүргізу,

студенттердің фокус-топтарында жұмыс жүргізу арқылы жүргізіледі. Білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша алынған ақпарат талданады, кафедралық отырыстарда талқыланады. Алынған нәтижелер негізінде білім беру бағдарламасының мазмұнын жақсарту және іске асыру жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

Білім беру бағдарламасы білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені ретінде оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды іске асырудың тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтиды.

6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы 2023 ж. тізілімге 76,06% сараптамалық бағамен, 7М01701- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы 79,08% бағамен енген.

Білім беру бағдарламаларын ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары білім берудің бірыңғай платформасының тізіліміне енгізу кезінде кәсіптік стандарттарға сәйкес оқыту нәтижелері әзірленеді.

2020-2021 оқу жылынан бастап ХТИИ-де «Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығы» жұмысын бастаған. Осы санат бойынша Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша білім алушылар жоқ.

БББ игерудегі теориялық білімді тәжірибеге ұластырудың міндетті кезеңі - практикадан өту. 6В01701 - Қазақ тілі және әдебиеті БББ студенттері бакалавр даярлау үшін өздермен келісімшарт түзілген мектептерге және Тараз қаласының «Тараз-Ғасыр», «Парасат» колледждеріне жіберіледі. 7М01701 - Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Бауыржантану» және «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталықтарына жіберіледі.

Дуалды білім беруді іске асыру аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы №41, №25, №16 орта мектептерімен келісім шарт негізінде студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыру мақсатында 2023-2024 жылдардың 4, 5 және 6- семестрлерінде ҚТ-22-1, КТ-21-1 топтары «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндері бойынша кестеге сай мектеп базасында өткізілген.

Кафедра БББ сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді. БББ электронды және қағаз тасымалдаушыларда оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) әзірленді, оларда курсты зерделеу үшін қажетті барлық оқу-әдістемелік материалдар ұсынылған. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің электрондық нұсқасы порталда орналастырылады және білім алушыларға оқу және сабақтарға дайындалу үшін қолжетімді.

Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі, әдетте, 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарына сәйкес мониторинг, сондай-ақ жұмыс берушілер мен сарапшылар тарапынан бағдарламаларды рецензиялау, білім беру

бағдарламаларының рейтингтеріне қатысу арқылы қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының сапасына сараптама және бағалау жүргізу қамтамасыз етіледі.

«Сапаны ішкі қамтамасыз ету» жөніндегі комиссия білім алушылардың білім беру бағдарламасының тиімділігіне талдау жүргізеді және «Білім беру үдерісінің сапасына қанағаттану» сауалнамасын өткізіп отырады.

2022-2023 оқу жылынан бастап академиялық жұмыс жөніндегі проректордың жанынан Студенттерге қызмет көрсету орталығы құрылды. ХТИИ ішкі білім беру порталында қажетті құжатқа онлайн өтінім беруге және өтініш беруші көрсеткен электрондық мекен-жай бойынша немесе қолма-қол автоматтандырылған режимде жауап алуға мүмкіндік беретін қызмет көрсету жүйесі іске асырылды.

Оқу үдерісінің жүйелілігін қамтамасыз ету және сабаққа қатысу бойынша талаптардың орындалуын есепке алу, бақылаудың барлық түрлерін уақтылы тапсыру мақсатында институтта студенттермен оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібін түсіндіру бойынша кездесулер өткізіледі; студенттер анықтамалық-жолсілтемелермен қамтамасыз етіледі, институт сайты мен стенділеріндегі хабарландырулар арқылы ақпараттандыру жүзеге асырылады.

6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша соңғы 5 жылдағы жұмысқа орналастыру көрсеткіштері 2018-2019 оқу жылынан бері 62,8 бен 61,8 пайызды құрайды; 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті ББББ бойынша соңғы 5 жылдағы жұмысқа орналастыру көрсеткіштері 2018-2019 оқу жылынан бері 90-100 пайыз.

**2- стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - *толық сәйкестік.***

## *3 - СТАНДАРТ. «СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ»*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

Жоғары мектепті демократияландыру, институтта білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары мен тәсілдері студенттерді институтты басқаруға қатыстыру үдерісінде студенттік өзін-өзі басқару жетекші рөл атқарады. Студенттік өзін-өзі басқару - бұл жеке ұйым ғана емес, институттағы оқу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі, ол ерекше идеологиялық міндетті орындайды. Сараптау барысында институттаға осы бағыттағы жұмыстардың қарқындылығы назар аудартты.

Студенттер пәндер мен оқытушыны жеке таңдау арқылы оқу үдерісін құруға қатысады. Жеке жоспарларды қалыптастыру кезінде студенттерге 6В01701, 7М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша тиісті жылдың ОЖЖ сәйкес элективті пәндерді таңдау ұсынылады.

ХТИИ-де студенттік орталықтандырылған оқытудың негізгі мақсаты: білім алушылардың оқу үдерісінде дербес позициясын қалыптастыру.

Институттың миссиясы, басқарудың демократиялық қағидаттары білім алушылардың институтты басқаруға белсенді қатысуын алдын ала айқындайды - студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс (студенттік өзін-өзі басқарудың құрамына Студенттік парламенттің төрағасы, студенттік министрлер мен студенттік декандар кіреді).

Институтта білім алушылардың қабілеттерін дамыту, олардың әлеуетін іске асыру, сондай-ақ студенттік клубтар мен шығармашылық бірлестіктерді олардың мүдделеріне сәйкес дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер жасалған. «Студенттер үйі» базасында мынадай клубтар жұмыс істейді: «Талант» студенттік театры, «Күлтөбе» пікірталас клубы, «Ізгілік» еріктілер клубы т.б.

Студенттер оқытушыларды, пәндерді оқыту әдістерін таңдауға және бағалауға белсенді қатысады. Тиісінше, студенттік орталықтандырылған оқыту бойынша оқытушы консультант функциясын орындайды; студенттерге оқыту тәсілдерін таңдауда көмек көрсетеді; педагог-менеджер рөлін атқарады; оқытудың қазіргі заманғы технологияларын (проблемалық оқыту, жобалық оқыту, сыни ойлауды дамыту технологиялары, тұлғалық-қызметтік сипаттағы технологиялар және т.б.) пайдаланады; өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және өзара оқыту тәсілдерін қолданады; білім алушыны жаңа типтегі студент-зерттеушіге даярлау үшін жағдай жасайды.

Кафедра оқытушылары оқытудың түрлі заманауи технологияларын, соның ішінде Activ studio, Microsoft office Access, Excel, Flippity, Kahot, PowerPoint, LearningApp және т.б. интерактивті оқытудың IT құралдарын қолданады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды проблемаларының бірі инновациялық технологияларды енгізу және білім беруді ақпараттандыру болып табылады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессорлар-оқытушылар құрамы оқыту үшін Веб-платформаларды пайдалануды қоса алғанда, оқытудың түрлі заманауи технологияларын белсенді қолданады. Бұл платформалар интерактивті презентациялар жасауға, материалдарды жүктеуге, тестер мен тапсырмалар жасауға, талқылаулар өткізуге және т.б. мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқу материалын толықтыру және өзекті ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін электрондық кітаптар, мақалалар, бейнематериалдар мен интерактивті білім беру ресурстарын қамтитын электрондық оқулықтар мен ресурстар пайдаланылады.

Кафедраның аға оқытушысы, ф.ғ.к. Э.К.Пертаева ойын әдістемелері, пікірталас, топтық жұмыс, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, конференциялық сабақтар, сондай-ақ талдау және сараптама жүргізу сияқты инновациялық технологияларды сәтті қолданады. М.Т.Қожаева тірек конспектілері, деңгейлік оқыту технологиясы, «миға шабуыл» әдісі және т.б. инновациялық технологияларды қолдана отырып, студенттерге өз көзқарастарын еркін білдіруге және проблеманы терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптар мен тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Ф.ғ.к. доцент А.Кәрібаева сабағында студенттерге бір-бірінің сұрақтарына мысалдармен жауап беретін, өз ойлары мен пікірлерін нақты тұжырымдайтын, оқылған материалдан

негізгі ақпаратты іріктеу және белсенді тыңдау дағдыларын дамытатын технологияларды сәтті қолдана отырып, студенттерге еркін пікірталас жүргізуге мүмкіндік береді. Аға оқытушы О.Саржаев сабақ барысында тестілік тапсырмалар мен «сәйкестендіру» ойынын өткізу үшін Kahoot бағдарламасын пайдаланады.

«6В01701 Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша ҚТ-21-1 тобының 3-курс студенттері дуалды оқыту жүйесі шеңберінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша қалалық мектептермен (№ 41 мектеп-гимназия, Ж.К. Матжанова, № 25 орта мектеп, Ж.Төленбекова) шарттық негізде келісім шартқа отырған. Дуалды жүйе бойынша оқытудың артықшылығы түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары көрсеткішіне ие болуында, өйткені оқыту барысында студент мектеппен тығыз байланыста жұмыс беруші қойған талаптарды кәсіби деңгейде орындайтын, меңгеру тәжірибесі бар маман болу мүмкіндігіне ие болады.

Жеке оқу жоспары бір академиялық жылдағы білім беру бағдарламасының барлық компоненттері мен элементтерін қамтиды. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді ТБ ұйымдастырады. Бұл ретте ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық жұмыстарды жүргізу үшін эдвайзерлер тағайындалады. Содан кейін эдвайзерлердің қатысуымен пәндер мен оқытушыларды таңдау үшін пәндердің тұсаукесері өткізіледі. Пәнді таныстыруға пәндер туралы қысқаша ақпарат беретін негізгі оқу жоспарын таңдау компоненті пәндерінің оқытушылары қатысады.

Элективті пәндерге жазылу білім беру бағдарламаларын тіркеуші және эдвайзерлер кеңсесі ұйымдастыратын ресми тіркеу жолымен жүргізіледі. Таныстыру кезеңінде факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Эдвайзер студенттерді пәнді элективті пәндер каталогында баяндау тәсілімен, әр баламалы пәннің пререквизиттерімен және постреквизиттерімен таныстырады, кеңес береді, пәнді таңдау бойынша ұсынымдар береді.

Оқу пәндеріне жазылу бойынша толық ақпарат «Жұмыс жоспарлары бойынша нұсқаулық» құжатымен бекітілген және институттың сайтында орналастырылған.

ПОҚ академиялық күнтізбемен бекітілген мерзімде білім алушылар бойынша бақылау іс-шараларының барлық түрлерін уақтылы жүзеге асыруға міндетті. Қажет болған жағдайда ПОҚ институттың тиісті құрылымдарына дәлелді негіздемесін көрсете отырып, академиялық жұмыс жөніндегі проректордың атына өтініш негізінде қандай да бір іс-шаралардың орындалу мерзімін ұзартуға мүмкіндік алуы мүмкін. Бұл ретте осы ұзарту білім беру үдерісі сапасының нашарлауына әкелмеуін және білім алушылардың құқықтарына нұқсан келтірмейтінін ескеру қажет.

Талдамалық деректерді қарау қорытындылары бойынша кейіннен олардың орындалуын мониторинг жасай отырып, білім алушылардың білімін бағалау және оқыту сапасын арттыруға бағытталған шаралар кешені айқындалады.

Білім алушылардың білімін бағалау рәсімі ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау барысында әр түрлі бақылау тапсырмаларының негізінде оқитын пәндер бойынша білім алушылардың білімін тексеру нысанында жүргізіледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушының сол академиялық кезеңде оқу пәні/модуль бағдарламасынан қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

«F» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта өткізеді.

Қойылған ЖЖҚ балдарын түзетуге жол берілмейді. Сабақты дәлелді себептермен (денсаулық жағдайы және т.б.) өткізіп алған жағдайда, білім алушы 3 күн ішінде Тіркеушінің кеңсесіне тиісті ақтау құжатын ұсынуы тиіс. Ұсынылған құжаттардың дұрыстығы расталған кезде ПОҚ өткізіп алған пәндер бойынша балл қоюға рұқсат береді. Ұсынылған құжаттар ақпараттық-білім беру порталындағы «Өтініштерді тіркеу» қосымша бетінде тіркеледі.

Студенттердің алған оқу нәтижелері институт жұмысының маңызды көрсеткіші болып табылады және білім алушылардың одан арғы мансабына әсер етеді, сондықтан институтта сессиялар нәтижелеріне жүйелі мониторинг жүргізіледі және олардың нәтижелері факультеттер кеңестерінде және институттың Ғылыми кеңесінде қаралады. Нәтижелер бойынша оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша түзету іс-қимылдары қабылданады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін аралық, қорытынды бақылауды ұйымдастыруды және есепке алуды Тіркеуші кеңсесі жүзеге асырады.

Тіркеушінің кеңсесі білім алушыларды ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау нәтижелерінің мониторингі және оларды студенттер топтарындағы өту деңгейінен жоғары абсолюттік бағалардың нақты пайыздық бөлінуін көрсететін бағалау кестесіне сәйкес талдауды іске асырады.

Қысқы және көктемгі аралық аттестаттау қорытындылары бойынша талдамалық есептер оқу-әдістемелік кеңестің және Ғылыми кеңестің отырыстарында оқу жылы ішінде екі рет талқыланады және институттың профессорлар-оқытушылар құрамының назарына жеткізіледі.

Критериалды бағалау - бұл нақты әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерінің күтілетін оқу нәтижелерімен арақатынасы үдерісі. Ол бағалаудың қалыптастырушы және жиынтық түрлеріне негізделген. Критериалды бағалаудың мақсаты бағалау критерийлері негізінде білім алушыларды оқыту нәтижелері туралы объективті ақпарат алу және оны оқу үдерісін одан әрі жетілдіру үшін барлық мүдделі қатысушыларға ұсыну болып табылады.

Халықаралық Тараз инновациялық институтында оқыту нәтижелерін бағалау саясаты (бұдан әрі - ОРО саясаты) (бұдан әрі - институт) Жоғары

білім берудің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету үшін стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес әзірленді (ESG 2015), Жоғары және орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен (немесе) ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (ҚР БҒМ 24.12. 2020 № 539, 09.06.2021 № 282 және 29.12.2021 № 614) және білім беру қызметі саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілермен негізделеді.

Білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың білімін критериалды бағалау білім алушылар үшін пәндердің жұмыс бағдарламаларын (syllabus) әзірлеу кезінде іске асырылады.

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ сапа саясаты құжатында көрсетілгендей, сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың мақсаты студенттердің әлеуетін барынша арттыратын, қазіргі заманғы талаптарға, мемлекеттік және әлемдік даму міндеттеріне жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандарды тиімді даярлауға мүмкіндік беретін инновациялық білім беру ортасын құру болып табылады.

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-де білім беру үдерісінің барлық компоненттерін қамтитын сапаны қамтамасыз етудің кіші жүйесі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді, оқу үдерісін жоспарлауды, оқытушылық қызметті, білім алушылардың жетістіктерін бағалауды, білім беру бағдарламаларын іске асырудың сапасына және мазмұнына қанағаттану дәрежесін бағалауды, бітірушілердің білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауды қамтиды.

Емтихандарды қабылдауды кафедра меңгерушілерінің ұсынысы бойынша тағайындалған оқытушы-емтихан қабылдаушылар жүргізеді. Емтиханға ӘПБ, Офис-тіркеушінің қызметкерлері, жастар ұйымдары штабының және факультет штабының өкілдері қатыса алады. Емтихан өткізу рәсіміне қатыспайтын адамдардың ББ-ның жазбаша рұқсатынсыз қатысуына жол берілмейді.

Бағамен келіспеген студенттер апелляция бере алады, ол 24 сағат ішінде қаралады және бастапқы бағаны қалдыру немесе оны қайта қарау туралы шешім қабылдайды. Апелляциялық комиссияның нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушының жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

Білім беру үдерісін жетілдіру мақсатында білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге белсенді енгізудің мынадай алгоритмдері іске асырылған: білім алушылар арасында дөңгелек үстел өткізіліп, олардың ұсыныстары ескерілген; факультетаралық комиссияның құрамына 30% көлемінде студенттер мен магистранттар тартылған.

2019-2020 оқу жылының II семестрінде кредиттік оқыту технологиясын қолдана отырып, білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде Қт-18-1 топ студенті М.Райхан Х.Досмұхамбет атындағы Атырау мемлекеттік университетінде оқыды. 2022-2023 оқу жылында Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне I

семестрде келесі студенттер жіберілді: Қт-20-1 А. Қасымова, Ж. Школбек, З. Албек, Қт-21-1 топ студенттері  Б. Балтабай, М. Мәдиева, Ж. Айбергенова. Ал 2023-2024 оқу жылында  6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» 3-курс студенттері, атап айтқанда А.Рысбек, Б.Сапарғали, сондай-ақ 2-курс студенті Г.Сайлаухан Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне жіберілді.

Білім алушылардың әдістемелік инновацияларға қанағаттануы сауалнамалар негізінде айқындалады. «Білім беру бағдарламасына және білім беру үдерісінің сапасына білім алушылардың қанағаттануы» сауалнамасының нәтижелері бойынша білім алушылардың қанағаттану дәрежесі  95,1%-ды көрсеткен.

ЖОО-да студенттерге академиялық та, әлеуметтік те қолдау бар. Заманауи үлгідегі жатақханамен қамтамасыз етіліп, оқу ақыларына санаттарына қарай қаржылай жеңілдіктер жасалған.

**3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - *толық сәйкестік.***

## *4-СТАНДАРТ. «СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ»*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-ға студенттерді қабылдау ЖОО-да студенттерді оқуға қабылдаудың, олардың үлгерімін қадағалаудың, танудың және сертификаттаудың қолданыстағы заңнамалық және нормалық құжаттардың аясында комиссиялық түрде қатаң жүзеге асырылатынын көрсетеді. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 14 маусымдағы №269, 2020 жылғы 8 маусымдағы №237 және 2021 жылғы 24 мамырдағы №241 бұйрықтарымен және 15.12.2022ж. №189, 26.01.2023 ж. № 24 бұйрықтарымен өзгертілген 2019 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-дің кәсіптік бағдар беру жұмысы студенттердің жеке қабілетін зерделеуге бағытталған ықпал ету нысандары, әдістері мен құралдары жүйесінің негізінде жүзеге асырылады және 6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті БББ  саналы түрде таңдаған «өз» студентін даярлауға және іріктеуге бағытталған. Соңғы 5 жылда қабылданған студенттер қабылдау 18-ден 110-ға дейін көтерілген.  7М01701- Қазақ тілі мен әдебиеті БББ  бойынша да білім алушылар саны жеткілікті.

Білім алушыларды қабылдаудың жоспарлы көрсеткіштері институттың даму бағдарламасымен, сондай-ақ қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарымен айқындалады. Жоспарлы қабылдауға сүйене отырып, қабылдау комиссиясы бөлімі БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жарияланымдар, жарнамалық  материалдар тиісті көлемде дайындалған. Кәсіптік бағдарлау

жұмысын жүргізу барысында барлық түлектер жарнамалық-анықтамалық материалдармен қамтамасыз етіледі.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы «өз» талапкерлерін іріктеу үшін көшпелі ақпараттық дәрістерді және мектептер мен колледждерде көшпелі кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастыруды қамтитын кәсіптік бағдарлау жұмысын үйлестіреді: оқытушы О.Т.Саржаевтың № 30 орта мектеп-гимназиясындағы сабақ-экскурсиясы (2021 жылғы 27 сәуір); 6B01701 Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының студенті Данабек Мұратовтың «Jambyltv» «Рауан» телебағдарламасына сұхбаты (2024 жылғы 31 қаңтар) т.б.

Жамбыл облысының аудан орталықтарында және Тараз қаласында Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-де «Ашық есік күні» өткізіледі. Аталған іс-шараларға аудан және қала білім бөлімдерінің меңгерушілері, мектеп басшылары, оқушылар мен олардың ата-аналары, колледж студенттері, сондай-ақ институттың басшылығы мен профессорлар-оқытушылар құрамы қатысады.

1-курстың әрбір білім беру бағдарламасына студенттерге және магистранттарға жеке білім беру траекториясын құруға көмектесетін эдвайзерлер бекітіледі. Топ жетекшілері студенттерге және магистранттарға оқу үдерісіне бейімделуге көмектеседі.

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-де білім алушыларды әлеуметтік қолдау бойынша қалыптасқан дәстүрлері бар білім алушыларды ынталандыру үшін «Студенттердің негізгі (шығармашылық) жетістіктерін бағалау жүйесі» ережесі қабылданған. Әлеуметтік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: білім алушыларға оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру; ректор грантын тағайындау; арнаулы стипендияларын тағайындау; ақшалай және материалдық көтермелеулер, материалдық көмек көрсету; Қазақстанның қалалары мен тарихи жерлеріне экскурсиялар ұйымдастыру.

Институтта студенттерді оқыту ҚР мемлекеттік білім гранттары негізінде де, ақылы негізде де жүзеге асырылады.

Психологиялық жеңілдету кабинетінің базасында психологиялық қызмет көрсетіледі.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ кәсіпкерлік орталығы жұмыс істейді. Орталықтың негізгі мақсаты институттағы студенттік кәсіпкерлік қозғалысын жандандыру, сондай-ақ Қазақстанда Startup және Enactus танымал ету, IT және технологиялық стартаптарды қолдау, IT-startup қоғамдастығын дамыту үшін мүмкіндіктер жасау.

2022-2023 оқу жылында институт алғаш рет Жамбыл облысының дарынды жастарына арналған «ХТИИ-дің 100 гранты» әлеуметтік жобасын ұсынған.

ЖОО «Мансаптық өсу» секторларымен бірлесіп жұмыс іздеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. «Мансаптық өсу» секторының базасында «Түлектер қауымдастығы» қоғамдық ұйымы құрылды. Жыл сайын

түлектердің ББ бойынша кездесуі өткізіледі. Институтта «Түлектердің табыс тарихы» базасы құрылған.

Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір жоғары оқу орнынан екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екіншісіне ауыстыру Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-ге ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларының сапасы білім беру бағдарламаларының сапасын сараптау мен бағалау, қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүргізумен, сондай-ақ жұмыс берушілер, АҚ төрағасы және сарапшылар тарапынан бағдарламаларды рецензиялаумен, білім беру бағдарламаларының рейтингтеріне қатысумен қамтамасыз етіледі. Мысалы, ҚР «Атамекен» ҰКП Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша, мысалы, 6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ 2021 жылы 30-орынға, ал 2022 жылы 33-орынға, 2023 жылы 22-орынға ие болды

Университеттің келелі мақсаттарының бірі - ЖОО түлектерінің одан әрі оқуына және шетелде жұмысқа орналасуына жәрдемдесу және олардың қазақстандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін алған біліктіліктерін академиялық және кәсіби тұрғыдан тану рәсімін жеңілдету болып табылады. Білім беру бағдарламаларының түлектеріне олардың талабы бойынша Diploma Supplement беріледі.

Даярлық сапасын жақсартуды «дипломнан кейінгі сүйемелдеуді» дамыту саласында түлектермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдерін іздеу мақсатында БББ түлектерімен ұдайы ұялы және электрондық байланыс;түлектер мен әлеуетті жұмыс берушілерді дөңгелек үстелдерге, кафедра отырыстарына және т.б. шақыру; әлеуетті жұмыс берушілердің студенттер үшін шеберлік сыныптары, дәрістер өткізу т.б. жұмыстар ұдайы жүргізіледі.

Түлектердің жұмысқа орналасуы тұрақты түрде қадағаланады. 2018-2021 жылдар аралығындағы олардың қызметке тұру динамикасы 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша 62,8; 83,3; 62,5; 75; 61,8 пайызды көрсетсе, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша 100; 80; 88; 92,2; 90,6 пайызды құраған.

**4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – *толық сәйкестік.***

## *5-СТАНДАРТ. «ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ»*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

ЖОО-да, соның ішінде Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасындағы ПОҚ сандық құрамы және сапалық сипаты сараптауға ұсынылған БББ-лар үшін толық жеткілікті. ПОҚ (штаттық, қоса атқаратын ПОҚ) біліктілік

талаптарына, МЖМБС талаптарына және іске асырылып жатқан білім беру бағдарламасының, кадр саясатының мақсаттарына және дамыған институттың бағдарламасына сәйкес келеді. 6В01701 Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша ПОҚ ғылыми дәрежелік пайызы 2019-2020 оқу жылында - 78%, 2020-2021 оқу жылында - 78%, 2021-2022 оқу жылында - 78%, 2022-2023 оқу жылында - 78%, 2023-2024 оқу жылында - 68%.

Педагог кадрлар білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ПОҚ әлеуеті мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа толық сәйкес келеді. ПОҚ-тың барлық нормативтік құжаттары мен лауазымдық нұсқаулықтары кафедрада сақтаулы, олармен оқытушылар танысқан, қолдары қойылған (*ПОҚ-тың жылдық оқу жүктемесі т.б.).* ПОҚ туралы жеке ақпарат университеттің веб-сайтында орналастырылған.

ЖОО және кафедра басшылығы тарапынан ПОҚ-тың қолайлы жұмыс жағдайлары қамтамасыз етілген. Оқытушылардың білім беру, әдістемелік әдебиеттерді университет есебінен шығару мүмкіндігі бар. Еңбек жетістіктері үшін материалдық және моральдық ынталандыру шаралары қарастырылған. 2022-2023 оқу жылында ф.ғ.к. Э.Пертаева «Ғылымды дамытуда қосқан үлесі үшін» 50 мың, ф.ғ.к. Р.Беркенова мұғалімдер күніне орай 100 мың, аға оқытушы Б.Стамкулова, аға оқытушы Э.Игиликова 70 мың сыйақы алса, 2023-2024 оқу жылында ф.ғ.к. А.Белботаев жаңа жылдық мерекеге орай 50 мың, аға оқытушы Г.Архабаева ТИГУ 15 жылдық мерейтойына орай 20 мың, аға оқытушы М.Сарсенбаева Кәсіподақ ұйымының атынан 20 мың сыйақымен марапатталған.

Әкімшілік тарапынан еңбек міндеттерін үлгілі орындағаны, еңбек өнімділігін арттырудағы, өнім сапасын жақсартудағы жетістіктері, ұзақ мінсіз жұмысы, еңбектегі жаңашылдығы және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін оқытушылар мен қызметкерлер үшін көтермелеулер қолданылады. Мысалы, соңғы 5 жыл көлемінде институт қызметкерлері ерекше еңбек сіңірген жылдары үшін жоғары тұрған органдар марапаттарын иеленген: Кафедра меңгерушісі ф.ғ.к. Р.А.Беркенова А.Байтұрсынов атындағы медальмен (2023 жыл), «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына» медалімен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» № 217 куәлігімен, 12.27.2019ж. «Білім саласындағы ерекше еңбегі үшін» № 0456 куәлігімен, Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ф.ғ.к. А.Б.Белботаев «Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 10 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен (№ 029 куәлік), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы» медалімен марапатталды; ф.ғ.к. М. Әбілов білім және ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Мұғалім - асыл есім» төсбелгісімен, «Үздік педагог-2019» республикалық байқауында I дәрежелі дипломмен, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен, «Абай Құнанбаев» төсбелгісімен марапатталды; ф.ғ.к. А.Кәрібаева 2019 жылы тарихи қайраткер Бөкенбай Қара-Батыр ерлігін

танытудағы еңбегі үшін «Алаш парызы» қоғамдық қорының мерейтойлық төсбелгісімен марапатталып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды. Ф.ғ.к. М.Т.Қожаева А.Байтұрсынов атындағы алтын медальмен (2023ж), «В.И.Ленинге 150 жыл» ҚХП мерейтойлық медалімен (25.10.2019 ж.), ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» медалімен марапатталды. Қазақстан мәслихаты депутаттары қауымдастығының «Қазақстан мәслихатының 20 жылдығы» медалімен және «Жамбыл облысына сіңірген еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» қоғамдық алтын медалімен марапатталған. Ф.ғ.к. Э.Пертаева Құрмет грамотасымен (ХТИИ, 2023 ж.), «ТИГУ-ға 5 жыл» мерейтойлық медалімен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды, педагогтардың шығармашылық жұмыстары мен оқу-әдістемелік әзірлемелерінің «Педагогикалық коллаж» халықаралық байқауының № 100/9 1 дәрежелі жеңімпаз медаліне куәлік те берілді. Білім саласына қосқан зор үлесі үшін ол «Ыбырай Алтынсарин атындағы І республикалық олимпиада» төсбелгісімен марапатталды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ғылым мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Үздік педагог-2021» төсбелгісімен марапатталды. Бұдан басқа, оған «Құрмет белгісі» төсбелгісі берілді. Аға оқытушы Г.Архабаева «Республика күнін» мерекелеу құрметіне Құрмет грамотасымен және «Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ-дің 15 жылдығына» орай Құрмет грамотасымен марапатталды. Аға оқытушы Э.Игиликова «Ыбырай Алтынсарин: жалпыұлттық педагогиканың қалыптасу үрдістері» тақырыбындағы конференцияда үздік ғылыми жұмысқа жетекшілік еткені үшін алғыс хатпен және «Жаңа Қазақстан дәуірінде балалар әдебиеті тарихының қалыптасуы және филология ғылымының өзекті проблемалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Аға оқытушы М.Сәрсенбаева 10 қазанда Қазақстанның кәсіподақтар күніне орай Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, Халықаралық тіл күніне арналған «Тіл-достықтың тірегі» зияткерлік байқауына белсенді қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Кафедраның ПОҚ құрамы Қазақстанның және шетелдік оқу орындары арасында педагогикалық және ғылыми әлеуетіне орай сұранысқа ие. Мәселен, келесі кафедра профессор-оқытушылары Р.А. Беркенова М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде (2023), Қызылорда «Болашақ» университетінде (2024), Э.К.Пертаева, Э.С.Игиликова, М.Б.Сарсенбаевалар Қызылорда «Болашақ» университетінде (2024) академиялық ұтқырлық бағдарламасымен сабақ өтті.

Кафедра оқытушылары кафедра қызметінің барлық бағыттарына ат салысады. Осы орайда ф.ғ.к. Р.А.Беркенова, ф.ғ.к. М.Т.Қожаева, ф.ғ.к. Э.Қ. Пертаева, ф.ғ.к. М.Ә.Әбілұлының оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардағы белсенділіктерінің жоғарылығын атап өтуге болады. Олардың белсенділіктері кафедраның, оқу-әдістемелік семинардың, ғылыми-

теориялық бірлестіктің, кәсіби бағдар жұмысының, тәрбие жұмысының, басқа да үйірмелердің жоспарлары мен хаттамалары арқылы расталады.

Кафедра оқытушылары 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 7М01707-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ны дамыту жоспарына сәйкес жаңартулар жүргізіп, жыл сайын қазіргі тілтану мен әдебиеттануды оқытудың өзекті мәселелері бойынша жаңа курстар әзірлейді. Бұл ретте оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдары, монографиялар даярлайды. Атап айтсақ, ф.ғ.к. Беркенова Р.А. «Р.Нұрғали-драматург»; ф.ғ.к. Э.Қ. Пертаева «Дулат Бабатайұлының поэтикасы»; ф.ғ.к. Белботаев А.Б. «Абай шығармаларының тілі және лингвистикалық статистика» (ғылыми зерттеу); ф.ғ.к. Молгаждаров Қ.К. «Түркі тілдеріндегі көмекші сөздердің концепциялық мәселелері» (тарихи-салыстырмалы анализ); Сонымен қатар, мына оқу, оқу-әдістемелік құралдары: ф.ғ.к. Әбілов М.Ә. «Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясындағы діни-ағартушылық көзқарастар»; ф.ғ.к. Молгаждаров Қ.К. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», ф.ғ.к. Беркенова Р.А. «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті», ф.ғ.к. Пертаева Э.Қ. «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», ф.ғ.к. А.Т Ойсылбай, ф.ғ.к. Р.А.Беркенова, ф.ғ.к. Э.Қ.Пертаеваның «Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыш» және қазіргі әдебиет теориясы», ф.ғ.к. М.Т.Қожаеваның «Аударматану терминдерінің когнитивтік семантикалық құрылымы», ф.ғ.к. А.Ө.Кәрібаеваның «Лингвосемиотика», М.Ә.Әбілұлының «Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті» (Хрестоматия), оқу-әдістемелік құралдарды ф.ғ.к. Э.Қ.Пертаева, ф.ғ.к. Р.А.Беркенованың «Жыраулар поэзиясы» (көмекші оқу-құралы), ф.ғ.к. Э.Қ.Пертаева, ф.ғ.к. Р.А.Беркенованың 8 сыныпқа арналған «Дананың сөзі - ақылдың көзі» таңдау курсы бағдарламасы, ф.ғ.к. М.Ә.Әбілұлы «Алтын Орда -Қыпшақ дәуіріндегі балалар әдебиеті».

Сонымен бірге ПОҚ рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда 1, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала жариялап, халықаралық конференцияларда 21 баяндама жасаған.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы ғылыми-әдістемелік конференцияларға үлкен мән береді. 2023 жылы 2 халықаралық конференция, 1 дөңгелек устел, 1 сұхбаттасу ұйымдастырып өткізген. афедраның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес ашық сабақтар жүйелі түрде өтіліп тұрады.

2023-2024 оқу жылында 5 ашық сабақ өтілген (Э.К. Пертаева, М.Т. Кожаева, О.Саржаев, А.У. Кәрібаева, М.Әбілов). Ашық сабақтар Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің № 2 отырысында бекітілген нормативтік құжаттарға негізделеді: ашық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша қысқаша әдістемелік ұсынымдар; шеберлік сыныбын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар; тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтарға қойылатын талаптар.

Жыл сайын «Сапа, аккредиттеу және рейтинг» басқаруын үйлестіру кезінде факультеттің «Сапаны ішкі қамтамасыз ету» жөніндегі комиссиясы білім алушылар арасында «Оқытушы студенттің көзімен» сауалнама жүргізеді. Пікір-терімнің нәтижелері мен ұсыныстары оқу үдерісін жақсарту мақсатында институт отырыстарында талқыланады. «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының сауалнама нәтижелері бойынша 2022-2023 оқу жылында орташа балл 4,7% құрайды.

2022-2023 оқу жылынан бастап профессорлар-оқытушылар құрамының рейтингін есептеу үшін «ПОҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері жүйесі» (KPI) құжаты қабылданған.

Соңғы 5 жылдағы ПОҚ жалақысының динамикасы 2018-2023 жылдар арасында ғылым докторлары үшін 165000-нан 350000-ға дейін, ғылым кандидаты, доценттер үшін 127000-нан 300000-ға дейін, аға оқытушылар үшін 82000-нан 250000-ға дейін, оқытушылар үшін 76000-нан 200500-ге дейін көтерілген (теңге).

**5-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – *толық сәйкестік.***

***Ұсыным:***

Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы жарияланымдар санын арттыру.

## *6-СТАНДАРТ. «ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ»*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

Аудит барысы ЖОО-да оқыту ресурстары және студенттерді қолдаудың дұрыс дегейде екенін көрсетті. 6В01716 -Қазақ тілі мен әдебиеті, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ оқытушылары мен білім алушылары қолайлы оқу ғимараттарымен (7), студенттер үйімен (1), жатақханамен (2), акт залымен (400 адамдық), конференц-залмен (3), кітапханамен (4 оқу ғимаратында және Студенттер үйінде орналасқан), 13 беру пунктімен (4 абонемент, 4 оқу залы, 5 креативті аймақтық оқыту, қарым-қатынас және 340 отыратын орын), асхана, буфет, дәрігерлік амбулаториямен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар спорт кешені жұмыс істейді. Университет жанында «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы қызмет атқарады.

Студенттер үшін түрлі қолдау объектілерінің қызметі жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Жатақханада: оқу, спорт залдары, интернет-залдар, тұрмыстық, үтіктеу, себезгі бөлмелері, кір жуатын бөлмелер, ас үйлер бар. Кітапханада жастардың еркін қарым-қатынасына, демалысы мен өзін-өзі дамытуға, олардың шығармашылық белсенділігін ынталандыруға ықпал ететін атмосфера жасалған, «Reception zone» «Group study room» «IDEA_room», «LOUNGE zone» «RELAX аймағы» «SPORT zone»

«READING_room» ұйымдастырылған. Кітапханада ПОҚ, магистранттар мен студенттерге арналған ақпараттық-медиа сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленген.

Материалдық-техникалық жарақтандыру қолжетімді және жарамды күйде, талаптарға сәйкес келеді. Материалдық-техникалық базаны жаңарту және толықтыру кафедралардың өтінімдеріне сәйкес жыл сайын жүргізіледі.

Кітапхана қорын жаңа буын оқулықтарымен толықтыру мақсатында 2022-2023 жылдары 9 973 918 теңге сомасына әдебиет сатып алынды. Кітапхана қоры «Альманах», «Қазына баспасы үйі», «Лантар Трейд», «Эрудит», «Бастау», «Лем», «Юрист баспасы», «Отан», «Фолиант», «N-PRESS» баспалары, «МТЖ баспасы» өнімдерінен, сондай-ақ, кітап дүкендері және жеке тұлғалар мен жеке ұйымдар шарттық негізде сыйға тартқан қордан тұрады. 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша кітапхана қорының түсімі және қаржы қаражаты 2019-2020 оқу жылы – 327500, 2020-2021 оқу жылы - 499800, 2021-2022 оқу жылы - 414000, 2022-2023 оқу жылы - 224600, 2023-2024 оқу жылы - 496660 теңгені құрайды.

Кітапхананың компьютерлік паркі: 1 сервер, 1 планетарлық сканер (Optima A2/автомат сканері), 6 принтер, 6 құлаққап, 1 штатив, 1 теледидар, 1 Led-теледидар, 11 моноблок, 16 компьютер, оның ішінде 15-і оқырмандар үшін, 12 компьютер - кітапханашының жұмыс орны.

6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша студенттерді даярлаудың оқу жоспарының мақсаттарына барабар қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жеткілікті материалдық-техникалық базасы бар. Оқу сабақтары оқу аудиторияларында, зертханаларда, компьютерлік сыныптарда өткізіледі. Оқыту жағдайларын қамтамасыз ету қабылданған санитарлық нормалар мен ережелерге, қауіпсіздік нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша ғылыми-әдістемелік кабинет (16 $м^{2}$), Алтай Аманжолов атындағы кабинет (48.75$м^2$ ), Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі кабинеттері(30.4 $м^2$ ) жабдықталған.

Ақпараттық-кітапхана орталығы - бұл «КІТАПХАНА 24/7» форматында жұмыс істейтін, «БІР ТЕРЕЗЕ» режимінде қызмет көрсететін заманауи ақпарат, білім беру және тәрбие орталығы. СБИ құрамында кітапханалық қызмет көрсету пункттері, кітапхана қорын толықтыру және ғылыми өңдеу секторы жұмыс істейді. Барлық оқу залдарында кітапхананың барлық ресурстарын еркін пайдалану мүмкіндігімен «БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ» қағидаты қолданылады. Әр түрлі қажеттіліктері бар оқырмандарға ресурстардың барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін «openspace» форматындағы кітапханалық қызмет көрсету жүйесі бар. Барлық оқу залдары жаңа жиһазбен және заманауи техникамен жабдықталған, Wi-Fi қолжетімділігі бар.

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ Ақпараттық-кітапхана орталығының жалпы қоры 430 259 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде - 371 405 (86%) дана, орыс тілінде - 46 291 (11%) дана және шет тілінде - 12 563 (3%)

дана. Оның ішінде: оқу және оқу-әдістемелік әдебиет - 321 058 (75%) дана, ғылыми әдебиет - 100 307 (23%) дана, көркем әдебиет - 8 894 (2%) дана. Кітап қоры - 89 750 (21%) дана, мерзімді басылымдар қоры - 1 311 (0,3%) жинақты құрайды, электрондық жеткізгіштердегі қор (электрондық оқулықтар) - 23 592 (0,75%) дана, электрондық ресурстар дерекқоры қоры - 315 840 дана құрайды.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарының кітапханасы пайдаланушылардың барлық санаттарына олардың қайда екендігіне және сұрау салынған ақпараттың қайда екендігіне қарамастан ақпараттар мен құжаттарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті. Онлайн-қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізілуде: «Онлайн қызмет көрсету», «Ұзарту/Тапсырыс», «Онлайн анықтамалық», «Е-құжаттарды жеткізу», «Кітаптарға өтінім», «Мерзімді басылымдарға өтінім», «Электрондық беру УДБ, ББК», WhatsApp қызметі.

Пайдаланушылардың интернет арқылы қол жеткізу мүмкіндігімен электрондық каталог және электрондық библиографиялық деректер базасы қалыптастырылған http://ecat.tigu.kz/ мекенжайы бойынша институттық серверде оқырмандарды іздеу мен тапсырыстың Web-модулі орнатылды.

Кітапхананың электрондық каталогы баспа құжаттары (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік басылымдар, монографиялар, көркем әдебиеттер, авторефераттар мен диссертациялар және т.б.) туралы ақпаратты, CD (DVD) тасығыштарда шығарылған электрондық құжаттар туралы ақпаратты және құжаттардың электрондық көшірмелері туралы ақпаратты (толық мәтінді электрондық ресурстар) көрсетеді.

Кітапхана жыл сайын кітапхана қорын жаңартып отырады және бөлінген қаржы қаражаты есебінен оны жаңа басылымдармен толықтырады. 4 лицензияланған электрондық ресурстарға қолжетімділік қамтамасыз етілді, оның жалпы көлемі 399 920 атауды құрайды. Бұл: «РМЭБ» ЖОО аралық электрондық кітапханасы; «Aknurpress» сандық кітапханасы; «Параграф» ақпараттық жүйесі; Ресей ЭБС «IPRbooks»; «Web of Science»; «Scopus»; «Sciencedirect»; «Заң» дерекқоры; Институттың электрондық кітапханасы; «Мега ПРО».

Институтта 542 компьютерлік техника, 16 компьютерлік сынып, 48 интерактивті тақталар мен интерактивті панельдер, мөлдір тақтасы бар бірегей бейнестудия бар. Әр түрлі корпустарда орналасқан барлық компьютерлер ішкі және сыртқы ақпараттық ресурстарға сапалы қол жеткізуді қамтамасыз ететін оптикалық талшықты байланыс желілері негізінде бірыңғай корпоративтік желіге біріктірілген. Әлемдік ақпараттық ресурстарға қолжетімділік 300 мбит/сек жылдамдықпен жүзеге асырылады, Соңғы жылдары институттың электрондық контенті жыл сайын оқытушылардың оқу-әдістемелік әзірлемелерімен, электрондық оқулықтармен, әдістемелік құралдармен, баспа басылымдарымен, магистранттардың авторефераттарымен, сирек кездесетін қор кітаптарымен толықтырылады.

Барлық корпустар мен жатақханаларда Wi-Fi технологиялары арқылы Интернет желісінің ресурстарына жоғары жылдамдықты қолжетімділік берілген;

- институтта оптикалық талшықты байланыс желілерін салу, сондай-ақ орталықтандырылған интернет-қосылуды жаңғырту әлемдік ақпараттық ресурстарға 300 Мбит/сек жылдамдықта қол жеткізуге мүмкіндік берді;

- соңғы 4 жылда институттың электрондық контенті жыл сайын оқытушылардың оқу-әдістемелік әзірлемелерімен, электрондық оқулықтармен, әдістемелік құралдармен, баспа басылымдарымен, магистранттардың авторефераттарымен, сирек кездесетін қор кітаптарымен толықтырылады.

Сарапшылар тобы нысандарды аралау барысында олардың сервистік қызметтерімен жете танысты және оқу ресурстары және студенттерді қолдаудың мүлтіксіз жұмысына көз жеткізді.

**6-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – *толық сәйкестік.***

## *7-СТАНДАРТ. «ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ»*

***Дәлелдемелер мен талдау:***

ЖОО-ның лицензиат құқық берген негізгі қызметіне қатысты барлық әрекеттер жұртшылыққа жария. Университет сайты мен оқу порталы ЖОО-ның білім беру ісіне қатысты ақпараттарды ресми түрде жүйелі ұсынады. Кафедра қызметінің жетістіктері мен нәтижелері туралы БАҚ-тағы ақпараттарды жаңарту үдерісі жүйеленген. 2022-2023 оқу жылында орындалған маңызды іс-шаралар туралы ақпараттар «Жамбыл Тараз» газетінде «Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті», «Ежелгі түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті», «Ар-Ай» газетінде «Халықтың рухани байлығын дамыту-әрбір ғалымның міндеті», «Меркі тынысы» газетінде «Білімді ұрпақ-болашақ кілті», «Таңдауың дұрыс болсын, талапкер!», «Мамандықты таңдау-болашақты таңдау», «Қазақ әдебиеті» газетінде «Жаңа роман оқырманға жол тартты» тақырыптарында жарияланды.

Институт сайтында түлектерге арналған «Оқу үдерісі» бағыты бойынша бөлім ұсынылған. Бұл бөлімде мынадай құжаттар орналастырылған: нормативтік-құқықтық құжаттар; институт түлектерін жұмысқа орналастыру циклограммасы; мемлекеттік бағдарламалар; бітіру гранттарының иегерлеріне ақпарат; жұмыс берушілерге ақпарат; түлектерді даярлау сапасы туралы жұмыс берушілердің пікірі; түлектерге арналған семинарлар, тренингтер, конференциялар; жұмысқа орналасу көрсеткіші; бос жұмыс орындарының деректері. Сондай-ақ, жекелеген түлектер туралы ақпарат «Студенттер мен түлектердің мансаптық өсуі» секторының web-бетінде «Біздің түлектер» қосымша бетінде бар.

ЖОО-ның жұртшылықты хабардар ету жөніндегі саясаты қоғамға қатысты ашықтықты, түрлі деңгейдегі билікпен, білім беру мекемелерінің, өнеркәсіп кәсіпорындарының ұжымдарымен, қоғамдық ұйымдармен қоғамдық байланыстар орнатуды көздейді; халықтың әртүрлі топтарының ЖОО жүргізетін саясатқа, мамандар даярлау сапасына қатынасын зерделеу үшін ішкі және сыртқы ортада мониторинг жүргізіледі.

Қоғамдастыққа, нысаналы топтарға оқу, ғылыми, инновациялық, халықаралық қызметте, әлеуметтік салада, студенттік өмірде және даму перспективаларында болып жатқан оқиғалар, үдерістер туралы әр түрлі ақпарат беруге мүмкіндік беретін белсенді ақпараттық жұмыс жүргізіледі. Білім алушылар мен жұмыс берушілердің түрлі санаттарын ақпараттық қамтамасыз ету үшін ақпараттық-білім беру кешендері мен жүйелері жұмыс істейді.

Талапкерлер мен студенттер үшін ақпараттық стендтер де жасалады. Кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде жарнамалық материалдар жасалып, университеттің бағдарламалары туралы буклеттер шығарылған. Кафедра сайтты ақпараттық толтыруға және техникалық сүйемелдеуге қатысады.

**7-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – *толық сәйкестік.***

## *3 – ТАРАУ*

## *ҚОРЫТЫНДЫ*

**1-стандарт. «Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық» -** ***толық сәйкестік.***

**2-стандарт. «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару» -** ***толық сәйкестік.***

**3-стандарт. «Студентке бағытталған оқыту, үйрету және бағалау» -** ***толық сәйкестік.***

**4-стандарт. «Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау» -** ***толық сәйкестік.***

**5-стандарт. «Профессорлық-оқытушылар құрамы» -** ***толық сәйкестік.***

***Ұсыным:***

Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы жарияланымдар санын арттыру.

**6-стандарт. «Оқу ресурстары және студенттерді қолдау» -** ***толық сәйкестік.***

**7-стандарт. «Қоғамды ақпараттандыру» -** ***толық сәйкестік.***

*Қосымша 1*

**ПРОГРАММА**
**внешнего аудита экспертной группы IQAA по программной аккредитации**
**в Международном Таразском инновационном институте**
**им. Ш. Муртазы**
**20-21 мая 2024 года**

| Время | Мероприятие | Участники | Место |
|---|---|---|---|
| *19 мая 2024 г* | | | |
| *Заезд членов ВЭГ* | | | |
| *День 1-й: 20 мая 2024 г.* | | | |
| (8.45) | Прибытие в Институт | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ |
| 09:00-10:00 | Брифинг, обсуждение организационных вопросов | Р, ЭГ, К | |
| 10:00-10:45 | Интервью с Ректором института | Р, ЭГ, К, Ректор | |
| 10:45-11:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | |
| 11:00-11:45 | Интервью с проректорами института | Р, ЭГ, К, Проректоры | |
| 11:45-12:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | |
| 12:00-12:45 | Интервью с руководителями структурных подразделений | Р, ЭГ, К, РСП | |
| 12:45-13:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | |
| 13:00-14:00 | Обед | Р, ЭГ, К | Столовая университета |
| 14:00-14:45 | Интервью с деканами и заведующими кафедр по направлениям подготовки | Р, ЭГ, К, Деканы, Заведующие кафедрой | |
| 14:45-15:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К, | |
| 15:00-15:45 | Интервью с ППС кафедр по направлениям аккредитуемых образовательных программ | Р, ЭГ, К, ППС кафедры | |
| 15:45-16:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | |
| 16:00-16:45 | Интервью с работодателями | Р, ЭГ, К, Работодатели | |
| 16:45-17:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | |
| 17:00-18:30 | Визуальный осмотр материально-технической и научно-лабораторной базы по направлениям аккредитуемых образовательных программ | Р, ЭГ, Заведующий кафедрой | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18:30-18:45 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | |
| ***День 2-й: 21 мая 2024 г.*** | | | |
| 8:30 | Прибытие в институт | Р, ЭГ, К | Учебный корпус |
| 09:00-09:45 | Интервью с обучающимися (бакалавры, магистранты) | Р, ЭГ, К, обучающиеся | |
| 09:45-10:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К, | |
| 10:00-10:45 | Интервью с выпускниками | Р, ЭГ, К, выпускники | |
| 10:45-11:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К, | |
| 11:00-13:00 | Выборочное посещение баз практик и учебных занятий | Р, ЭГ, К | |
| 13:00-14:00 | Обед | Р, ЭГ, К | |
| 14:00-16:00 | Подготовка отчетов по внешнему аудиту. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам. Приглашение отдельных представителей кафедр и структурных подразделений по запросу экспертов. | Р, ЭГ, Заведующий кафедрой, РСП | |
| 16:00-17:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Подведение предварительных итогов внешнего аудита. | Р, ЭГ, К | |
| 17:00-17:30 | Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита. | Р, ЭГ, К | |

Примечание: Р – руководитель ВЭГ, ЭГ – экспертная группа, К – координатор группы, РСП – руководители структурных подразделений

*Қосымша 2*

| № | Ф. И. О. | Должность, ученая степень, звание | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Баяндин Марат Асылбекович | Ректор, д.э.н., профессор | |

## ИНТЕРВЬЮ С ПРОРЕКТОРАМИ ИНСТИТУТА

| № | Ф. И. О. | Должность, ученая степень, звание | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Кадырова Акмарал Сатбековна | Проректор по академической работе, к.э.н., профессор | |
| 2 | Нұрмұханбет Данияр Ысқақұлы | Проректор по стратегии, науке-инновациям и международным связям, к.ю.н., профессор | |
| 3 | Кулабекова Гульшат Камбарбековна | Проректор по воспитательной работе и социальным вопросам, м.п.н. | |

## ИНТЕРВЬЮ С РУКОВОДИТЕЛЯМИ СТРУКТУРНЫХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ

| № | Ф.И.О. | Должность, структурное подразделение | Контактные данные (моб.,тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Тулеев Турсыналы Нахысбекович | Начальник управления информационно-коммуникационных технологий | |
| 2 | Молдахметов Марат Молдабекович | Директор «Агро-биологического научно-исследовательского центра» | |
| 3 | Абдуллаева Разия Байдрахмановна | Руководитель центра обслуживания студентов | |
| 4 | Азимова Мадина Алиайдаровна | Руководитель офис-регистратора | |
| 5 | Акимова Диана Канатовна | Начальник управления академической политики | |
| 6 | Сихаева Кундыз Мейрхановна | Начальник управления персоналом и документооборота | |
| 7 | Андреева Гульнара Муратбековна | Начальник управления экономики и финансов | |
| 8 | Байкулов Мухит Азимкулович | Ответственный секретарь приемной комиссии | |
| 9 | Тамабаева Каракоз Умирзаковна | Ученый секретарь | |
| 10 | Қожамжарова Лэтипа Сейдахметқызы | Начальник управления научных работ и международных связей | |
| 11 | Сарсенова Акмарал Едилбаевна | Руководитель центра послевузовского образования | |
| 12 | Арыстангалиева Венера Адиловна | Руководитель научно-исследовательского центра «Аквакультура» | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | Алибаева Айнур Пердекуловна | Начальник отдела информационного обеспечения общей базы данных | |
| 14 | Бекназаров Бахтияр Арманович | Начальник управления молодежной политики и воспитательной работы | |
| 15 | Жундибаева Ботагоз Калдыбековна | Начальник управления качества, аккредитации и рейтинга | |
| 16 | Сапаргалиева Сымбат Нурғаликызы | Директор информационно-библиотечного центра | |
| 17 | Батырбек Бағлан | Начальник управления маркетинга и рекламы | |
| 18 | Түймебай Әсем Абзалқызы | Специалист центра инклюзивного образования и психологической поддержки | |
| 19 | Байжанов Кайрат Балабиевич | Директор научно-исследовательского центра «Ветеринария и животноводство» | |

## ИНТЕРВЬЮ С ДЕКАНАМИ И ЗАВЕДУЮЩИМИ КАФЕДР ПО НАПРАВЛЕНИЯМ ПОДГОТОВКИ

| № | Ф. И. О. | Должность, структурное подразделение | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Ботабаева Адеми Еркебаевна | Декан факультета «Педагогика» | |
| 2 | Курманбекова Айгуль Саукымбековна | Декан факультета «Творческие специальности» | |
| 3 | Нургабылов Мурат Нуридинович | Декан факультета «Естествознание» | |
| 4 | Сихаев Айдархан Ашимович | Заведующий кафедрой «Начальная военная подготовка и творческие специальности» | |
| 5 | Джекенов Пахыт Сулейманович | Заведующий кафедрой «Физической культуры и спорта» | |
| 6 | Елубаева Рахат Сайлаубековна | Заведующая кафедрой кафедры «Общая педагогика» | |
| 7 | Беркенова Рабига Агабековна | Заведующая кафедрой «Казахский язык и литература» | |
| 8 | Нурманалиева Ултай Тлегеновна | Заведующая кафедрой «Иностранные языки» | |
| 9 | Айтекова Куралай Ускенбаевна | Заведующая кафедрой, «Биология и сельскохозяйственных специальности» | |
| 10 | Маликтаева Пернекуль | к.т. н., Заведующая кафедрой, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Маликтаевна | «Стандартизация и ветеринария» | |

**ППС по ОП 6В01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Ученая степень, звание, с какого года работает в центре | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Белботаев Алмасбек Батанович | к.ф.н., доцент кафедры «Казахский язык и литература», с 2009 г. | |
| 2 | Абилов Мендибай Абилович | к.ф.н., старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2008 г. | |
| 3 | Карибаева Азиза Утегеновна | к.ф.н., старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2009 г. | |
| 4 | Кужаева Маржан Турегуловна | к.ф.н., старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2009 г. | |
| 5 | Пертаева Эльмира Кулибаевна | к.ф.н., старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2012 г. | |
| 6 | Тлепова Балжан Прметовна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2008 г. | |
| 7 | Семембаева Гульбағила Абдукалыковна | преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2012 г. | |
| 8 | Конашева Роза Жамалбековна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2022 г. | |
| 9 | Стамкулова Баян Шаймерденовна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2015 г. | |
| 10 | Тунгатарова Куралай Мухамеджановна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2019 г. | |
| 11 | Архабаева Гульнур Ермахановна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2008г. | |
| 12 | Игиликова Эльмира Сауытбековна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2020 г. | |
| 13 | Сарсенбаева Майра Бекбосыновна | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2016 г. | |
| 14 | Саржаев Олжас Тлепалдиевич | старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература», с 2019 г. | |

**ППС по ОП 7М01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Ученая степень, звание, с какого года работает в центре | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Белботаев Алмасбек Батанович | к.ф.н., доцент кафедры «Казахский язык и литература», с 2009 г. | |
| 2 | Абилов Мендибай Абилович | к.ф.н. кафедры «Казахский язык и литература» , с 2008 г. | |
| 3 | Карибаева Азиза Утегеновна | к.ф.н. кафедры «Казахский язык и литература», с 2009 г. | |
| 4 | Кужаева Маржан Турегуловна | к.ф.н. кафедры «Казахский язык и литература», с 2009 г. | |
| 5 | Пертаева Эльмира Кулибаевна | к.ф.н. кафедры «Казахский язык и литература», с 2012 г. | |

**Представители работодателей по ОП 6В01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Место работы, должность | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Абашова Айнур Каримуллаевна | Директор СШ № 25 | |
| 2 | Бейсенғалиева Мадина Сұрағанқызы. | Директор СШ №16 им. Д.М.Карбышева | |
| 3 | Исмайлова Калила Мамадияровна | Директор опорной школы имени Акима Тарази (ресурсный центр) | |

**Представители работодателей по ОП 7М01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Место работы, должность | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Абашова Айнур Каримуллаевна | Директор СШ № 25 | |
| 2 | Бейсенғалиева Мадина Сұрағанқызы. | Директор СШ №16 им. Д.М. Карбышева | |
| 3 | Исмайлова Калила Мамадияровна | Директор опорной школы имени Акима Тарази (ресурсный центр) | |

**Студенты по ОП 6В01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Контактные данные (моб.тел.) | Курс, (GPA) |
|---|---|---|---|
| 1. | Қуантай Диана Даниярқызы | | 1-курс (3,43) |
| 2. | Хайтпаева Рапия Пулатқызы | | 1-курс (3,7) |
| 3. | Акетай Аружан Нұрланқызы | | 1-курс (3,36) |
| 4. | Кучерова Назерке | | 2-курс (3,68) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. | Сайлаухан Гаухар | | 2-курс (3,77) |
| 6. | Үкібай Нұржамал Сұлтанбекқызы | | 3-курс (3,43) |
| 7. | Балтабай Бифаруза Алмасбекқызы | | 3-курс (3,77) |
| 8. | Мұратов Данабек Дауылбайұлы | | 3-курс (3,53) |

**Магистранты по ОП 7М01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Контактные данные (моб.тел.) | Курс, (GPA) |
|---|---|---|---|
| 1 | Құлтай Шұғыла Жомартқызы | | 1-курс (3,08) |
| 2 | Сапарбек Феруза Жамбылқызы | | 1-курс (3,4) |
| 3 | МҰСТАФАЕВА Ажар Ержанқызы | | 1-курс (3.13) |

**Выпускники по ОП ОП 6В01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Место работы, должность | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | **Жарылқасын Ардана Бақтиярқызы** | Консультант, Коммунальное государственное учреждение «Дом печати имени Ш.Муртазы» | |
| 2 | **Мәлік Бибінұр Сәкенқызы** | Специалист по работе с молодежью отдела медиа и связей с общественностью КГУ «Молодежный ресурсный центр» | |
| 3 | Әлібекова Жангул Қалқабекқызы | Преподаватель казахского языка и литературы научно-интеллектуальной школы-лицея «Келешек-Тараз» | |
| 4 | Әлібекова Жаннұр Қалқабекқызы | Преподаватель казахского языка и литературы научно-интеллектуальной школы-лицея «Келешек-Тараз» | |

**Выпускники по ОП 7М01701-«Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Место работы, должность | Контактные данные (моб.тел., e-mail) |
|---|---|---|---|
| 1 | Байболова Жансая Кунтуганкызы | Преподаватель казахского языка и литературы Школы-гимназии имени Абая | |
| 2 | Сембина Асел Беркиновна | Преподаватель казахского языка и литературы СШ №44 | |
| 3 | Маламанова Жазира Мухиткызы | Педагог- ассистент СШ № 25 | |

*Қосымша 3*

## ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар

1. ББ даму жоспары
2. ББ, НОЖ
3. Дипломдық жұмыс тақырыптары (Бұйрық) және 1-2 дипломдық жұмыс
4. Жұмыс берушілер ұсыныстары (болса)
5. ББ сарапталуы туралы құжаттар
6. Силлабус (2-3 пәннен)
7. Студенттерді қолдау қызметтеріне қатысты мәлімет
8. Академиялық ұтқырлық туралы құжат (студент, ПОҚ)
9. Дуальды оқыту бойынша мәлімет